

Aşağıda verilen I ve II numaralı metinleri okuyunuz, metinlerin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içerikleri hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

I

Шілде

Жаз өтіп, шілде жетті. Шілдеде күн ұзын, түн қысқа болады. Күннің ыстығы соншалықты, тас пен құм қызып кетеді. Шілдеде піспеген шөп қалмайды. Бұл — қымыз молайып, қозы піскен кез. Ел жайлауда бірін-бірі қонақ қылу

салты өз алдына бір қызық. Шөп шабатын мезгіл де жетті. Бозбалалар жайлаудың қызығын қиып кете алмай жүр. Қазақ шөпті бел орақпен шабады. Оқудағы балалар да жаздай қымыз ішіп тынығып, енді сабаққа баратын күндерін санап жүр.

(М. Дулатов)

II

Байлықтың бастауы — күздің кереметі

Күз. Қыркүйек айы жаңа ғана басталған еді. Сенбі күні болатын. Түске таман Омар атай Белгібай екеуімізге:

— Мұндай ғажап кереметтерді тек күзде, барлық өсімдік жетіліп, өбден піскенде ғана көруге болады, — деді. Омекең әңгімесін жалғастыра түсіп, былай деді:

— Күз дегеніміз, біріншіден, байлық, молшылық, қаптаған астық, картоп, жүгері, күнбағыс, қарбыз, қауын, алма, өрік, жүзім. Осының бәрі күзде өбден пісіп жетіледі. Өне, қараңдаршы! Дала да, егін де, тоғай да — бәрі де сап-сары. Сондықтан да халық күзді “алтын күз” дейді. Екіншіден, күз — ет пен май. Мал да, аң да, құс та күзге дейін өбден семіріп болады. Күз — қауырт жұмыстың кезі. Келе жатқан қысқа дайындалатын кез. Күздің бір күні қыстың бір айын асырайды. Күзде аянбай еңбек етсең, қыста қысылмайсың.

Қысқа адам да, аң да, барлық жан-жануарлар да дайындалады. Күзде жыл құстары жылы жаққа қайтады. Сөйтіп, олар да қыстан аман шығуға әрекет жасайды. Күзде күн қысқарып, түн ұзарады. Жауын-шашын көбейеді.

Балалар атасына қызықты әңгімесі үшін көп-көп рақмет айтты.

(Ә. Табылдиев)